

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу және "Учаскелік полиция инспекторларын тағайындау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 шілдедегі № 438 бұйрығының және "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 91 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 5-тармағының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 1 қазандағы № 742 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 қазанда № 37018 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Учаскелік полиция инспекторларын тағайындау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 шілдедегі № 438 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 9696 тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 91 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 5-тармағының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 20004 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен нормашығармашылықты үйлестіру департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі

Е. Саденов

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2025 жылғы 1 қазандағы
№ 742
Бұйрықпен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер тізбесі

1. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.02.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2026 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2026 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 517 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 9737 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметтері мен пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі ішкі істер органдарының әкімшілік полиция, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелерінің, ақпараттық-талдау бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу тәртібін айқындайды."

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Есепке алынған адамның мекенжайы аудан немесе облыс шегінен тыс кетуіне байланысты ауысқан жағдайда пробация қызметі хабарламаны қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне және ҚАПб(Б) АТБ-ға есептен алу үшін жолдайды."

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Аумақтық пробация қызметтері ай сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-і күнінен кешіктірмей:

1) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторларды хабардар ету үшін есепте тұрған және пробация қызметінің есебінен алынған есепте тұрған адамдардың тізімдерін жолдайды;

2) ҚАПб(Б) есепте тұрған адамдарды бақылаудың жай-күйі туралы ақпаратпен алмасады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Аумақтық пробация қызметтері тоқсан сайын:

1) ҚАПб(Б) мен пробация қызметінің өзара іс-қимыл жасасуының жай-күйі, сондай-ақ орын алған проблемалар туралы ақпаратты ҚАЖД-ға ұсынады;

2) есепке алынған адамдарды ішкі істер органдарының қолданыстағы автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелері мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) ақпараттық жүйелері бойынша тексеруді жүзеге асырады;

3) кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және учаскелік полиция инспекторларымен бірыңғай анықтама жасай отырып, бірлескен тексерісті жүзеге асырады;

4) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі және ҚАПб(Б) ААб-мен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепте тұрған және есептен алынған есепте тұрған адамдардың саны бойынша салыстыра тексеру жүргізеді, олардың нәтижелері аумақтық бөліністері бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың саны бойынша пробация, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі және ҚАПб(Б)-мен ААб-нің арасында салыстыра тексеру актісін жасайды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. ҚАПб(Б) мен пробация қызметінің өзара іс-қимыл жасасу мәселелері тоқсан сайын ПД басшылығын, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі, криминалдық полиция, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес, экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармаларының өкілдерін шақыра отырып, ҚАЖД басшылығы жанындағы жедел кеңестерде қаралады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Аумақтық ҚАПб(Б) және пробация қызметінің өзара іс-қимыл жасасу мәселелері ҚАПб(Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі, криминалдық полиция, ҚАПб(Б)

ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөліністері өкілдерінің қатысуымен, басшылығының жанындағы жедел кеңестерде тоқсан сайын қаралады.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 622 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 9839 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін." ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған (бұдан әрі - шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар) адамдарды бақылау және оларға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылау тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар тұрғылықты жеріне келген соң ол ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне қойылып және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оған бақылау ісі ашылып, тіркеуге жатады.

Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адам жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған жағдайда, пробациялық бақылау он жыл мерзімге белгіленеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдармен профилактикалық жұмыстың жүзеге асырылуын бақылау қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесін жетекшілік ететін ішкі істер органы бастығының орынбасарына не қалалық (аудандық) ішкі істер

органының (бұдан әрі - ҚАПО) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі басшысына жүктеледі."

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. ҚАПО-ның бастығы қылмыстық-атқару жүйесінің бөліністерінен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға қатысты хабарлама алған соң қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұрғылықты жеріне келуін бақылауды жүзеге асыруды тапсырады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар тұрақты тұрғылықты жеріне келгеннен кейін ҚАПО-ның бастығы:

1) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына:

профилактикалық есепке алуды және адамға арналған ақпараттық-іздеу картасын (бұдан әрі – Адам-АІК) ақпараттық-аналитикалық орталықтың (бұдан әрі – ААО) аумақтық бөліністеріне, сондай-ақ ақпаратты кезекші бөлімге, арнайы мекемеге және полицияның кешенді күштеріне жіберуді;

қылмыстық-атқару жүйесі бөліністеріне хабарлауды;

шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның қасақана қылмыс жасауының әрбір фактісі бойынша анықталған кемшіліктерді жою және ішкі істер органдарының профилактикалық жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдай отырып, қызметтік тексеріс жүргізуді;

2) ҚАПО криминалдық полиция бөлінісіне шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды жедел есепке алуды;

3) ҚАПО-ның криминалдық полициясына, кезекші бөлімдеріне, арнайы мекемелеріне және полицияның кешенді күштеріне шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың тарапынан құқық бұзушылық және сотпен оларға жүктелген міндеттерді орындаудан жалтару фактілері туралы ҚАПО-ның қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне ақпарат ұсынуды тапсырады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар жазаның өтелмеген мерзімі аяқталғаннан кейін "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының әрекетіне түсетін адамдар санатына ауыстырылады және соттылығы өтелген немесе алынғанға дейін есепте тұрады.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның ішкі істер органына келуін тіркеу ҚАПО қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінде не учаскелік полиция пункттерінде жүзеге асырылады, бұл туралы арнайы бақылау парағына осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі қойылады.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам басқа ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа келісімен, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің қызметкері немесе УПИ оның бағыттық парағына тиісті белгілер қойып, оларды ішкі істер органының мөрімен (мөртаңбасымен) куәландырады.";

42-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) электрондық бақылау құралдарын бұзу, рұқсатсыз шешу, сот белгіленген шектеулерді бұзу фактілері туралы ақпарат алған кезде қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына не оны алмастыратын адамға баяндатпен баяндайды және осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардағы электрондық бақылау құралдары арқылы анықталған бұзушылықтарды есепке алу журналына тиісті белгілер жүргізеді.";

6. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы № 89 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 13373 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 51) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөліністерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөліністерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 51) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚАЖ мекемелері сондай-ақ босатылатын адамға арналған хабарламаның көшірмесін одан әрі оның уақтылы есепке алынуын бақылау үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Полиция департаменттерінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне қосымша жолдайды."

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Полиция органдарының қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелері (бұдан әрі - ҚАПб(Б) қоғамдық қауіпсіздік):

1) босатылған адамның хабарламада көрсетілген мекенжайы бойынша жоспарланған мерзімде келуін тексереді;

2) босатылған адам хабарламада көрсетілген мекенжайға келген кезде Адам-АІК профилактикалық немесе тізімдік есепке алу санаты бойынша Біріктірілген деректер базасындағы (бұдан әрі – БДБ) "Есептегі элементке" енгізу үшін ақпараттандыру және байланыс бөліністеріне (бұдан әрі – АБ) жолдайды;

3) криминалдық полиция бөліністеріне қадағалаудағыларға және ШТМББ қатысты сот қаулыларының көшірмелерін жолдайды. Криминалдық полиция бөліністері қадағалаудағыларға жедел есепке алудың ісін жүргізеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Босатылған сәттен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін босатылған адамның орналасқан орнын анықтамаған жағдайда ҚАПб(Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі АБ-ға оны "бас бостандығынан айыру орнынан босатылғаннан кейін таңдап алған тұрғылықты орнына келмеген адам" ретінде тиісті санат бойынша есепке қою үшін баянат жолдайды.

Босатылған сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде таңдаған тұрғылықты жеріне келмеген қадағалаудағылар мен ШТМББ қатысты полиция органдарының қызметкерлері оның орналасқан жерін анықтау бойынша іс-шараларды (туыстарынан, көршілерінен сұрақ-жауап алу, медициналық мекемелерге, мәйітханаларға, әлеуметтік ұйымдарға және тағы басқа сұрау салуды жолдау) жүзеге асырады.

Қадағалаудағының орналасқан жері анықталмаған жағдайда полиция органы сотқа дейінгі тергеуді бастайды, бұлтартпау шарасын таңдап, оны іздестіруге жариялайды, ал ШТМББ-ға қатысты сотқа іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын таңдау туралы ұсынысты дереу жолдайды.

ҚАЖ мекемесінен таңдаған тұрғылықты жеріне келмеген адамдарға қатысты ҚАПб (Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі жинақтау ісі жүргізіледі, оған келмеген адамның орналасқан жерін анықтау жөніндегі іс-шаралардың нәтижелері туралы мәліметтер қоса тіркеледі. Тоқсан сайын Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің автоматтандырылған деректер базасы бойынша, босатылған адамдардың таңдаған тұрғылықты жері бойынша тексеру жүзеге асырылады. Тексеру нәтижелері анықтамада көрсетіледі, ол жинақтау ісіне тігіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. "Таңдаған тұрғылықты жеріне келмеген адам" санаты бойынша есепте тұрған адамдарды "Есептегі элемент" БДБ есебіне қою, түзетулер енгізу кезінде "Бастамашыл сұрау салулар" БДБ-ның кіші жүйесімен "Әкімшілік құқық бұзушылықтар", "Паспорт", "Тіркелген автокөлік", "Жүргізуші куәлігі" және "Техникалық байқау", "Криминалдық зат" және "Криминалдық құжаттар" есептерімен сәйкестіктер анықталады.

Web-модуль құралдары бойынша бастамашыл хабарламаларды өңдеу кезінде облыстардың ПД АБ басқармаларының жауапты адамдары тәулік ішінде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) "хабардар ету" - мүдделі қызметтерге хабарлама – қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі – УПИ (ПД қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі);

2) "елемеу" - сәйкестік себебін көрсетеді (01-деректердің бірдей еместігі, 02 – бұрын хабарлама жіберілген қайталанған сәйкестік, 06 - өзекті емес).

Хабарламаны Web-модульдің құралдары бойынша алған кезде ПД қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің жауапты адамдары "назарға алу" батырмасын басу арқылы хабарламаны алу фактісін дереу растайды. Алынған ақпаратты екі жұмыс күні ішінде ҚАПБ(Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің аумақтық бөліністеріне жолдайды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. ҚАПБ(Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің аумақтық бөліністері тиісті шаралар қабылдайды және көліктегі полицияның аумақтық бөліністерінен алынған материалдарды тиісті іске қосады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Таңдап алған тұрғылықты жеріне келмеген адамның орналасқан орнын басқа ҚАПБ(Б), ҚАПБ(Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі қызмет көрсететін аумақта анықтаған кезде осындай адамдарды анықтаған сұрақ-жауап алуды жүргізеді және оның осы өңірде болу себебін анықтайды. Ол тұрақты тұрған кезде тиісті есепке қояды. Тексеру нәтижелері бойынша ҚАПБ(Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі 3 тәулік ішінде есепке қоюдың бастамашысына тиісті хабарлама жолдайды.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамның тұрақты тұрғылықты жері болмаған жағдайда учаскелік полиция инспекторы пробация қызметімен бірлесіп, одан әрі ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) есебіне қоя отырып, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығына орналастыру бойынша шаралар қабылдайды.

Таңдаған тұрғылықты орнына келмеген адамның басқа өңірде тұруы туралы растау алған кезде ҚАПБ(Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі бір тәулік ішінде "Қазақстан Республикасында тұрғылықты жерін ауыстыру" есептен алу себебін және жаңа тұрғылықты мекенжайын көрсете отырып, "Есептегі элемент" БДБ-ның есебінен алады."

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. ПД КҚБ:

1) "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамдарды елімізде болу тәртібі туралы ақпараттандыру бойынша шаралар қабылдайды;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның босатылуына дейін 1 ай бұрын үкімінде Қазақстан Республикасының тыс жеріне шығару түрінде қосымша жаза түрі

болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Азаматтық-процестік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының тыс жеріне шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды шығару туралы мәселені шешу үшін сотқа өтініш береді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 70-бабына сәйкес шығарып жіберілетін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам ішкі істер органдарының жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу туралы сот санкциялаған қаулысы негізінде оны Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуді ұйымдастыру үшін қажетті, бірақ отыз тәуліктен аспайтын мерзімге ішкі істер органдарының арнаулы мекемесіне орналастырылады.

Сот шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының тыс жеріне шығарудан бас тартқан жағдайда ПД КҚБ көрсетілген адамдарды тиісті есепке қою үшін қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне хабарлайды.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған күні ҚАЖ мекемелерінің қызметкерлері оны КҚБ қызметкерлеріне ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу үшін тапсырады, одан кейін әкімшілік полиция (патрульдік полиция) қызметкерлері Қазақстан Республикасының тыс жеріне шығару туралы соттың шешімін орындайды.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. ҚАЖД және қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі шартты түрде, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шараларына сотталған, сондай-ақ өтелмеген жазаның бір бөлігін едәуір жеңіл түріне ауыстыра отырып, мекемелерден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қалған пробациялық бақылау мерзімі өткенге дейін бір ай бұрын Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексінің нормаларына сәйкес шығаруға материалдарды дайындау үшін ПД КҚБ-ға хабарлайды.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. ПД КҚБ және әкімшілік полиция басқармасы (патрульдік полиция), бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шараларына сотталған, сондай-ақ өтелмеген жазаның бір бөлігін едәуір жеңіл түріне ауыстыра отырып, шартты түрде мерзімінен бұрын мекемелерден босатылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар туралы ақпаратты алғаннан кейін осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген шараларды қабылдайды және пробациялық бақылау мерзімі өткен күні Қазақстан Республикасының тыс жеріне шығару туралы соттың шешімін орындайды.".

7. "Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1095 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 13004 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 52) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру жөнiндегi қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жаңадан тағайындалған учаскелік инспектор әкімшілік учаскені қабылдауды қалалық, аудандық орган бастығы орынбасарының немесе қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі бастығының қатысуымен, учаскелік инспекторды әкімшілік учаскенің шекараларымен және ерекшеліктерімен, ондағы қалыптасқан жедел жағдаймен таныстыру, оны жергілікті мемлекеттік басқару органдарының лауазымды адамдарына және қажет болған жағдайда учаскеде орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына таныстыру үшін жүргізіледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Профилактикалық жұмыс жүргізілетіндер санатындағы адамдардың материалдары учаскелік полиция пунктiнiң сейфтерінде, мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда ПО үй-жайында сақталады. Материалдарды ПО үй-жайында сақтау кезінде олардың жүргізілуін бақылау учаскелік инспекторларды басқару жөнiндегi қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі инспекторларының біріне жүктеледі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Профилактикалық жұмыстың ұйымдастырылуын бақылау қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына, оның орынбасарына, учаскелік инспекторларды басқару жөнiндегi аға инспекторға (инспекторға) жүктеледі.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Учаскелік инспектор мен оның көмекшісі өз жұмысын қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы (не оны алмастыратын адам) бекіткен УПП-нің ай сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторы өз құзыреті шегінде осы Қағидалардың 21 және 22-тармақтарымен қатар:

1) учаскелік полиция пункті аумағындағы құқық бұзушылықтардың жай-күйін, құрылымын және қарқынын, сондай-ақ олардың алдын алу және жолын кесу бойынша қабылданатын шаралардың тиімділігін талдайды.

Криминогендік және аумақтық ерекшеліктерді талдауды ескере отырып, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы бекітетін УПП жұмыс жоспарын жасайды;

2) учаскелік инспекторларға олардың қызметтік тапсырмаларды орындау тәсілдері мен мерзімдері туралы қажетті нұсқаулар береді;

3) учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілеріне олардың кәсіби шеберлігін арттыруда, жұртшылықпен өзара іс-қимылды нығайтуда, сондай-ақ басқа да қызметтік міндеттерін орындауда практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді;

4) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына полицияның учаскелік пунктінің аумағында полицияның кешенді күштерін орналастыру жөнінде ұсыныс енгізеді.

Полицияның кешенді күштері жасақшаларының патрульдеу маршрутынан ауытқу фактісі анықталған жағдайда, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына дереу хабарлайды;

5) ПО мүдделі бөлімшелеріне және мемлекеттік органдарға учаскелік инспекторлар мен оның көмекшілері беретін ақпараттардың есебін жүргізеді, олар бойынша тексеру нәтижелерін жинақтау ісіне тігеді;

6) учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілерінің жұмыс нәтижелерін қорытындылайды. Қажет болған жағдайда учаскелік инспекторларды және олардың көмекшілерін көтермелеу не жазалау туралы ұсыныстар енгізеді.";

8. "Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 12953 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 48) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әкімшілік учаскеге қалалық, аудандық орган (Көліктегі ПО) бастығының (оның міндетін атқаратын адам) бұйрығымен реттік нөмір беріледі. Жаңадан тағайындалған КТІ УПИ-дің әкімшілік учаскені қабылдауы аудандық қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі (қалалық, қаладағы аудандық) (қалалық, аудандық, көліктегі ПО қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі (бөлімі)) бастығының немесе оның орынбасарының қатысуымен жүргізіледі.

Әкімшілік учаскені қабылдау және тапсыру фактісі туралы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік учаскенің паспорттыңда тиісті жазба жүргізіледі.";

10-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) ҚАПБ(Б) бастығының орынбасары бекіткен кестеге сәйкес азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. КТІБ жұмысының қортындылары ай сайын қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің (бөлімінің) бастығымен, тоқсан сайын ҚАПБ(Б) бастығының орынбасарымен, көліктегі полиция органының бастығы немесе олардың орынбасарларымен қаралады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. ҚАПБ(Б) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі (бөлімінің), көліктегі ПО әкімшілік полиция органының бастығы немесе олардың орынбасарлары тоқсанына кемінде бір рет КТІБ, сондай-ақ көліктегі құқық бұзушылықтардың алдын алу инспекторларының жұмысын ұйымдастыруды тексереді.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. КТІ УПИ-дің білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы жұмысы білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады.

Оқу жылына әкімшілік учаскеде орналасқан білім беру ұйымдарында профилактикалық іс-шараларды өткізу кестесі жасалады, оны қалалық, аудандық орган бастығының орынбасары бекітеді және білім беру ұйымының басшыларымен келісіледі .";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Аумақтық ПО КТІБ-ға:

1) кәмелетке толмағандар жасаған және оларға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар, олардың қатысуымен болған өзге де оқиғалар бойынша жиынтық ақпараттарды күн сайын талдау жүргізу, оларды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау;

2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының жай-күйіне, құрылымы мен динамикасына ай сайын талдау жүргізу;

3) кәмелетке толмағандар арасындағы жедел ахуалды талдауды ескере отырып, КТІБ жұмыс жоспарын тоқсан сайын жасау, жоспарланған іс-шаралардың орындалуын, КТІБ қызметінің нәтижелері туралы есептің дайындалуын бақылау жүктеледі.

КТІБ жұмыс жоспарында орындалу мерзімін және аяқталу нысанын көрсете отырып:

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік, өңірлік бағдарламаларда, Полиция департаментінің (

бұдан әрі – ПД), Көліктегі полиция департаментінің (бұдан әрі – КПД) жоспарларында, нұсқауларында, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алқасы шешімдерінде (бұдан әрі – ПМ) жоспарланған;

кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтарды, қадағалаусыздықты және панасыз қалушылықты анықтау және жолын кесу бойынша;

девиантты мінез-құлқы бар кәмелетке толмағандарды, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, және (немесе) қарау бойынша өздерінің міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы әрекеттер жасауға тартатын адамдарды анықтау және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту шараларын қабылдау бойынша;

кәмелетке толмағандармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу бойынша;

білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында профилактикалық жұмыс жүргізу бойынша;

КТІ УПИ кәсіби даярлығын арттыру бойынша;

кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар профилактикасына бағытталған өзге де іс-шаралар көрсетіледі.

4) балаларды тәрбиелеу, оқыту, құқықтарын, мүдделерін қорғаумен, олардың бос уақытын ұйымдастырумен айналысатын мемлекеттік органдармен, мемлекеттік емес және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асыру;

5) жарты жылдың қорытындысы бойынша Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға, білім беру басқармасына (бөліміне) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, балалар қадағалаусыздығының және панасыз қалушылығының жай-күйі, қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша проблемалық мәселелер туралы ақпараттандыру;

6) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәмелетке толмағандар жасаған және оларға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды, сондай-ақ олардың қатысуымен жасалған оқиғаларды есепке алудың электрондық журналын Excel форматында жүргізу;

7) ай сайын білім басқармасына (бөліміне) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған білім беру ұйымдары білім алушыларының тізімін жолдау;

8) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасына, балалардың қадағалаусыздығы мен панасыздығының алдын алуға бағытталған жедел-профилактикалық және өзге де іс-шаралар жүргізу;

9) ай сайын білім басқармасымен (бөлімімен) бірге білім беру ұйымдарына себепсіз бармайтын кәмелетке толмағандар бойынша салыстыра тексеру жүргізу;

10) ПО-да ай сайын, ПД-де тоқсан сайын криминалдық полиция, тергеу және анықтау, сондай-ақ тоқсан сайын ПО-да есепте тұрған кәмелетке толмағандарға қатысты пробация, ақпараттандыру және байланыс бөліністерімен салыстыра тексеру жүргізу;

11) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша ПО, ПД, КПД және басқа да мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен кеңестерде қарау үшін қажетті материалдар дайындау;

12) кәмелетке толмағандар жасаған не оларға қатысты жасалған құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын жою бойынша ұсынымдар енгізу;

13) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, сондай-ақ балалардың қадағалаусыздығының және панасыздығының алдын алу бойынша жұмыстың оң тәжірибелерін зерделеу, жалпылау және практикаға енгізу;

14) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыруда әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

15) инспекторлық тексерістер жүргізуге, КТІ УПИ жұмысын зерделеу үшін ПО бөліністеріне бақылау, кешенді тексерістер және өзге де шығулар жүргізуге, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасын нақты орындауын қамтамасыз етуге қатысу;

16) кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қызметтік тексерулер жүргізу.

Қызметтік тексерулерді ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасы қызметкерлері және ПД, КПД әкімшілік полиция басқармалары (бұдан әрі – ӘПБ) кәмелетке толмағандар бандитизм, кісі өлтіру, қарақшылық, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, зорлау жасағанда, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтарды ПО есебінде тұрған кәмелетке толмағандар жасаған кезде, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған аса ауыр қылмыстар, көлік объектілерінде олардың қатысуымен болған жазатайым оқиғалар және өзге де оқиғалар бойынша жүргізеді.

Кәмелетке толмағанға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде, сондай-ақ суицид, жазатайым жағдай және олардың қатысуымен болған өзге де оқиғалар кезінде еркін түрде анықтама жасалады.

Қызметтік тексеру қорытындыларының көшірмелері қоғамдық қауіпсіздік бөлінісіне, көліктегі ПО, ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасына, КПД ӘПБ қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде, Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетіне (бұдан әрі – Комитет) бір ай ішінде ұсынылады;"

17) проблемалық мәселелерді және оларды шешу жолдарын көрсете отырып, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар және қадағалаусыздық профилактикасы бойынша жұмыс туралы баяндау жазбаларды жартыжылдықтың қорытындылары бойынша ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасына, КПД ӘПБ 5 күніне,

ал ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасы және КПД ӘПБ Комитетке 7 күніне жолдайды.
".

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Растайтын материалдар ұсынылғаннан кейін ПО-ға есепке қою немесе есептен шығару (кәмелетке толмағандарды, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-анасын, заңды өкілдерін) туралы КТІ УПИ баянатына қалалық, аудандық орган бастығының орынбасары бұрыштама қояды. Көрсетілген басшылар тоқсанына кемінде бір рет ПО есептерін жүргізу тәртібін тексеруге, тексерушілер парағына жазба жазуға міндетті."

Бұйрыққа 1-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 27.02.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бұйрыққа 2-қосымша

Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу қағидаларына 2-қосымша нысан

20__ жылғы _____ тоқсан ішіндегі пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың саны бойынша пробация, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі және ҚАПБ(Б)ААО арасындағы салыстыра тексеру АКТІСІ

	Жыл басынан бастап пробация қызметіне есепке қойылған адамдардың саны	Жыл басынан бастап есептен шығарылған адамдардың саны	Есеп беру кезеңінің соңында пробация қызметіне есепке алынған адамдар саны
Пробация қызметі			
Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі			
ААО			

Салыстыра тексеруді жүргізгендер:
Пробация қызметінің бастығы

(органның атауы)

(атағы, тегі, аты-жөні) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы

(ҚАПб(Б) атауы)

(атағы, Т.А.Ә.) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

ААО бастығы (инспекторы)

(ҚАПб(Б) атауы)

(атағы, Т.А.Ә.) (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК